

**Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған
бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 5 ақпан N 175

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған
бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002
жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (бұдан
әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, мүдделі
министрліктер, агенттіктер және облыстардың әкімдері Іс-шаралар жоспарының тиісті
тармақтарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Іс-шаралар
жоспарының орындалу барысына бақылау жасайтын мемлекеттік орган болып
б е л г і л е н с і н .

4. Министрліктер, агенттіктер, облыстардың әкімдері тоқсанына бір рет Қазақстан
Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне Іс-шаралар жоспарының тиісті
тармақтарының орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Іс-шаралар

жоспарында белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасының Үкіметіне
жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 5 ақпандағы
N 175 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған
бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Мақсаты: Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті салаларында
экономикалық өсуді және ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі
түрлері өндірісін тұрақтандыруды қамтамасыз ету

Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны жауаптылар	Орындауға мерзімдері	Орындау
1. Ауыл шаруашылығы ұйымдары үшін банкрот. жөніндегі Қазақстан Рес. тық рәсімдерін қолда. публикасының кейбір заң нуды жетілдіру актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның жобасына ұсыныстар енгізу№	"Банкроттық мәселелері МҚМ, 2000 жылғы Ауылшармині сәуір		
2.Республиканың астық ресурстарын басқару жөніндегі заң шығару базасын әзірлеу*	"Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының МҚМ сәуір		
3.Астықты қабылдау және сақтау бойынша қызметті лицензиялау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер әзірлеу*	Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылдың 1 тоқсаны		
4.Мемлекеттік астық ресурстарын тиімді басқаруды және елім. іздің астық ресурст. арының мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету*	Үкіметке,Қаржыминіне Ауылшармині, Есепті тоқ. "Азық-түлік саннан кей. келісім-шарт інгі айдың корпорациясы"№ 10-күні ЖАҚ (келісім бойынша)		

5.Лизингтік негізде Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылғы
ауыл шаруашылығы ЭИСМ, маусым
құрылымдарының ма. "Қазагроқаржы"
шина-трактор паркін ЖАҚ
жаңарту жөнінде шара.
лар әзірлеу және жү.
зеге асыру*

Орындалу барысы туралы Ауылшармині, Жыл сайын,
Үкіметке ақпарат "Қазагроқаржы" жылдың
 ЖАҚ қорытынды.
 лары
 бойынша

6.Аса қауіпті зиян. Үкіметке есеп Ауылшармині, Есепті тоқ.
кестер мен ауыл ша. Қаржымині саннан кей.
руашылығы дақылдары інгі айдың
ауруларының жаппай 10-күні
көбеюінің таралуын
алдын алу және
олармен күресі жө.
ніндегі мемлекеттік
бағдарламаны жүзеге
асыру*

7.Қазақстан Респуб. Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылғы
ликасының аумағын маусым
аса қауіпті аурулар
мен өсімдіктер зиян.
кестерінің әкелінуінен
қорғау жөніндегі нор.
мативтік құқықтық ба.
заны жетілдіру*

8.Мал дәрігерлік қыз. Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылғы
мет көрсетудің норма. наурыз
тивтік құқықтық база.
сын жетілдіру*

9. Ауыл шаруашылығы малдарын туберкулез бен бруцеллезден сауықтыру жөніндегі республикалық бағдарламаны жүзеге асыру*	Үкіметке есеп	Ауылшармині, Денсаулық қорғау істері жөніндегі агенттік, 10-күні	Есепті тоқ. саннан кей.
---	---------------	--	-------------------------

10. Бақылауға алынатын жүктердің мемлекеттік шекара арқылы өту жолдарын тұтас қамту үшін мал дәрігерлік-фитосанитарлық бекеттерді нығайту және Ауылшармині аумақтық органдарының аппаратын ұстауға көзделген қаражат шегінде бекеттерді мал дәрігерлік және фитосанитарлық инспекторлармен жасақтауда кедендік қызмет орындарымен келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету	Үкіметке есеп	Ауылшармині, Қаржымині, МКМ	Бекеттерді кестеге сәйкес жасақтау (іс-шараның аяқталуы бойынша есеп)
---	---------------	-----------------------------	---

11. Ауылдық округтарды жергілікті бюджеттердің есебінен мал дәрігерлік инспекторлармен жасақтау және оларды 2001-2002 жылдар ішінде республикалық бюджет есебінен ұстауға бірте-бірте көшіру арқылы республиканың барлық аумағындағы індеттік жағдайға тиісті бақылауды және жоспарлы мал-дәрігерлік алдын алу шараларын то.	Үкіметке есеп	Облыс әкімдері, Ауылшармині, Қаржымині	Жасақтау - 2000 жылдың 1 тоқсаны. Республикалық бюджетке көшіру - 2001-2002 жылдар (жылдың қорытындылары бойынша есеп)
--	---------------	--	--

лық орындауды қамтамасыз

ету

12. Ауыл шаруашылығы тауар Қазақстан Республикасы Ауылшармині, 2000 жылғы
өндірушілері қарыздарының Салық кодексі жобасына МКМ, наурыз
құрылымын өзгерту:* ұсыныстар енгізу Қаржымині
- 1 және 2 топтардағы ауыл
шаруашылығы құрылымдарының,
элиталық-тұқым және асыл
тұқымды мал шаруашылықтар.
ының 01.01.2000 ж. дейінгі
жағдай бойынша бюджетке қа.
рызын 3 жыл мерзімге кейін.
ге қалдыру;

- ауыл шаруашылығы тауар Ведомствоаралық
өндірушілерінің шетелдік комиссияның шешімі
технологияларды сатып алу-
ының нәтижесінде құралған
қарыздарының құрылымын
өзгерту.

13. Күріш өндіруді қолдау Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылғы
шараларын әзірлеу және ЭИСМ, мамыр
жүзеге асыру* Қызылорда
облысының әкімі

Орындалу барысы Ауылшармині, Жыл сайын,
туралы есеп Қызылорда жылдың
облысының әкімі қорытын.
дылары
бойынша

14. Күнбағыс өндірудің Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылғы
және ұқсатудың ұлғай. ЭИСМ, Шығыс- мамыр
тылуын қамтамасыз ету Қазақстан
жөнінде шаралар әзірлеу облысының әкімі
және жүзеге асыру*

орындалу барысы Ауылшармині, Жыл сайын,
туралы есеп Шығыс-Қазақстан жылдың қо.
облысының әкімі ытындылары
бойынша

15.Оңтүстік Қазақстанда Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылғы
мақта өсіруді дамыту ЭИСМ,Оңтүстік мамыр
жөнінде шаралар әзір. Қазақстан
леу және жүзеге асыру* облысының әкімі

Орындалу барысы Ауылшармині, Жыл сайын,
туралы есеп ЭИСМ, Оңтүстік жылдың
Қазақстан қорытындыла.
облысының әкімі ы бойынша

16.Бәсекеге қабілетті Аймақтық Облыс әкімдері, 2000 жылдың
өнім өндіруге бағыттал. бағдарламалар Ауылшармині 1 жарты
ған салалық мамандан. жылдығы
дыру базасында ауыл
шаруашылығы өндірісін
дамытудың аймақтық
бағдарламасын әзірлеу-----

Орындалу барысы Облыс әкімдері Жыл сайын,
туралы есеп жылдың
қорытынды.
лары бойынша

17.Ірі қалалар ірге. Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылдың
сіндегі аймақтарда ЭИСМ, облыс 1 жарты
сүт өндірісін дамыту. әкімдері жылдығы
дың бағдарламасын -----

әзірлеу және жүзеге Орындалу барысы Әкімдер, Жыл сайын,
асыру* туралы есеп ауылшармині жылдың
қорытындыла.
ры бойынша

18.Мал шаруашылығы Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылдың
өнімдерінің ішкі ЭИСМ 1 жарты
рыногын қорғау жө. жылдығы

нінде шаралар әзірлеу
және жүзеге асыру

Үкіметке есеп Ауылшармині, Жыл сайын,
ЭИСМ жылдың
қорытындылары
бойынша

19. Асыл тұқымды мал Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылғы
өнімдерін және элиталық наурыз
тұқымдар өндіруді лицен.
зиялау жөніндегі мәселе.
лерді қарау*

20. Ауыл шаруашылығы өні. Үкіметке есеп Ауылшармині, Жыл сайын,
мінің ең жоғарғы деңгей. облыс әкімдері, жылдың
де сатылуы мақсатында ішкі СІМ қорытындылары
және сыртқы рыноктарға бойынша
маркетингтік зерттеулер
жүргізу

21. Асыл тұқымды мал Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылғы
шаруашылығын сақтау және тамыз
дамыту жөніндегі шаралар
жүйесін әзірлеу және
жүзеге асыру*

Жүзеге асыру барысы Ауылшармині Жыл сайын,
туралы есеп жылдың
қорытындылары
бойынша

22. Элиталық тұқым шаруа. Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылғы
шылығын дамыту шаралар. қыркүйек
ының жүйесін әзірлеу жә.
не жүзеге асыру*

Жүзеге асыру барысы Ауылшармині Жыл сайын,
туралы есеп жылдың

қорытындылары
бойынша

23. Ауыл шаруашылығы Үкімет қаулысы Ауылшармині, 2000 жылғы
өндірісінің міндетті Қазақстан қыркүйек
сақтандырылуы туралы Республикасының
нормативтік құқықтық Ұлттық банкі
актілерін жетілдіру* (келісім бойынша)
Қаржымині

24. Ауыл шаруашылығын. Қазақстан Респуб. Ауылшармині, МКМ 2000 жылдың
дағы салық салу жүйе. ликасы Салық кодексі. 1 тоқсаны
сін жетілдіру* інің жобасына ұсы.
ныстар енгізу

25. Мемлекеттік ресур. Үкімет қаулысы Ауылшармині, Жыл сайын,
старды қалыптастыру және сатып алудың "Азық-түлік келі. қыркүйек
үшін 2000-2002 жыл. қорытындылары сім-шарт корпора.
дардың егінінен жыл туралы есеп циясы" ЖАҚ
сайын азық-түліктік (келісім бойынша)
астық сатып алуды
ұйымдастыру*

26. Сыртқы қарыздарды Үкіметке есеп Ауылшармині Есепті тоқсан.
игеруді қамтамасыз нан кейінгі
ету:* айдың 10-күні
Суландыру және топырақ
бетін құрғату мен тазарту
жүйелерін жетілдіру
Су ресурстарын басқару
және жерлерді қалпына
келтіру
Ауылшаруашылығын жеке.
шелендірілгеннен кей.
інгі кезеңде қолдау

27. Су пайдалану сала. Үкіметке есеп Облыс әкімдері, Жыл сайын,
сында өзара қарым-қаты. Ауылшармині жарты жылдық.
настар жүйесін қалып. тың қорытынды.

тастыру (су пайдалану.
шылар кооперациясы)

лары бойынша

28. Ауыл шаруашылығы да. Үкімет қаулысы Ауылшармині 2000 жылғы
қылдарының аса қауіпті қазан
зиянкестерінен және ау.
руларынан қорғану шара.
ларын құқықтық реттеу.
дің негізін әзірлеу*

29. Жер қатынастарын Үкімет қаулысы Жер ресурстарын 2000 жылғы
жетілдіру* басқару жөніндегі наурыз
агенттік,
Ауылшармині

30. Ауыл шаруашылығында Үкіметке Ауылшармині Жыл сайын, әр
ақпараттық-маркетингтік ақпарат жарты жылдықтың
қызметті дамыту (ақпарат қорытындылары
тық-маркетингтік қызметті бойынша
дамыту жөніндегі жобалар.
ды жүзеге асыру)*

31. Ауылдық жерде шағын Үкіметке есеп "Шағын несие" ҒОБ Жыл сайын,
несие беру бағдарламаларын (келісім бойынша), жылдың
жүзеге асыру Ауылшармині, Еңбек қорытындылары
және әлеуметтік бойынша
қорғау министрлігі,
облыс әкімдері

* - Бұл тармақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға
арналған іс-қимылдарының бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар
жоспарына енгізілген.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК